

Габдуллин Айбек Бокенбайұлының
«6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша
PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«1-2 курс студент қыздарының антропометриялық сипаттамалары мен
қозғалыс сапасын есепке ала отырып денені жетілдіру технологиясы»
диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Зерттеу өзектілігі. Еңбек нарығының қазіргі даму деңгейі болашақ мамандардан әлемде болып жатқан өзгерістерге мобильді бейімделуді талап етеді. Болашақ маман оның кәсіби қызметінде туындайтын проблемаларға физикалық, психологиялық жағынан дайын болуы тиіс.

Бәрімізге белгілі, студенттердің физикалық жетілуінің белгілерінің бірі-олардың дене дайындығы мен дене дамуының көрсеткіштері болып табылады. Көптеген сарапшылардың пікірінше, соңғы жылдары бұл белгілер деңгейінің төмендеуі байқалды. Бұл жағдай студенттердің дене тәрбиесі процесін құру мен жүзеге асыруда кемшіліктер бар екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің дене шынықтыру процесін жоспарлауды алдын-ала талдау оларда студенттердің физикалық қасиеттері мен антропометриялық сипаттамаларының даму деңгейінің ерекшеліктері ескерілмейтінін көрсетеді. Бұл факт ізденушінің таңдаған тақырыбы өзекті екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбы 2025 жылға дейін дене шынықтыру мен спортты дамыту концепциясы мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

Зерттеу құрылымы. Ұсынылған диссертациялық жұмыс кіріспені, төрт тарауды, қорытындыны, практикалық ұсынымдарды, пайдаланылған әдебиет тізімін және қосымшаны қамтиды.

Бағыттылығы және зерттеу міндеттерінің өзара байланысы. Автордың қойған міндеттері зерттеу мәнін көрсетеді, бір-бірімен және қорғалатын ережелермен, диссертацияның қорытындыларымен өзара байланысты. Бұл диссертацияның ішкі тұтастығының болуын сипаттайды.

Диссертация жоғары теориялық деңгеймен, толықтықпен, қойылған мәселелерді шешудің түпнұсқалығымен сипатталады және айқын көрінетін практикалық бағыттылығы бар. Автордың зерттеу әдістерін жақсы меңгергендігі көрінеді, оқудың 1-2 жылындағы студент қыздардың дене шынықтыру дайындығын олардың антропометриялық сипаттамалары мен қозғалу қасиеттерін есепке ала отырып денені жетілдіру технологиясын іске асыруға жаңа ғылыми тәсілдемелерді қалыптастырған.

Зерттеу нәтижелері. Докторант жүргізген ғылыми зерттеулер барысында келесі нәтижелер алынды:

1. Отандық және шетелдік әдебиетті талдау негізінде ағартушылардың дене жағдайлары мен морфофункционалды қасиеттері сатыларының дамуының басым бағыттары қалыптастырылды және қорытындыланды.

2. Оқытудың 1-2 жылындағы білім алушыларға «дене тәрбиесі» пәнін оқыту механизмін жобалауды жүзеге асыру ерекшелігін анықтаудың арқасында олардың негізгі қайшылықтарын көруге септігін тигізді.

3. ЖОО 1-2 курс білім алушыларының денсаулығы мен моторлық қозғалғыштығының алғашқы сатысың белгілеу арқасында ондағы қарама-қайшылықтарды белгілеуге мүмкіндік берді.

4. Оқытудың 1-2 жылындағы студент қыздардың дене жағдайлары мен морфофункционалды күйлері дәрежелерінің параметрлері арасындағы корреляциялық қатынастары сипатталды және дене жағдайлары мен морфофункционалды күйлерінің типологиялық шкалалары негізделді.

5. 1-2 курс студент қыздарының антропометриялық сипаттамалары мен қозғалу қасиеттерін есепке ала отырып дене дайындығын жетілдіру технологиясы жасалды.

Әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен дұрыстығының дәрежесі және олардың жаңашылдығы.

1-3 нәтиже - жартылай жаңа болып табылады; олардың дұрыстығы дене тәрбиесі практикасында сынақ өткізілген отандық және шетелдік әдебиетті талдау әдістерін; сауалнамалық сұрау әдістерін; математикалық статистиканы қолдануға негізделді.

4 нәтиже –жаңа болып табылады; дұрыстығы мен негізділігі тұрақтандыру зерттеулерінің және корреляциялық талдаумен, сигмалық шкалалардың пайдалану мен расталады.

5 нәтиже – жана; дұрыстығы мен негізділігі педагогикалық эксперимент, математикалық статистика әдістерінің (диспериялық талдау) пайдалануымен расталады.

Зерттеу нәтижелерінің **теориялық маңыздылығы** болашақ педагогтардың білімі мен дағдыларын жетілдіру үшін ғылыми-әдістемелік сипаттағы әртүрлі шаралар өткізу кезінде қосымша мәліметтер ретінде пайдаланумен байланысты.

Осы жұмыстың **практикалық мәні** келесіге негізделеді. Алынған нәтижелер зерттеушілердің, дене шынықтыру мұғалімдерінің жұмысының практикасында мынадай бағыттарда пайдаланылуы мүмкін:

- ұқсас типті зерттеулерді жүргізу кезінде;

- ЖОО оқудың 1-2 жылындағы студент қыздардың антропометриялық сипаттамаларын және қозғалу қасиеттерін ескере отырып, олардың дене шынықтыру дайындығын жетілдіру технологиясы дене тәрбиесінің тәжіребесінде пайдалануға болады.

Габдуллин А.Б. 2017 жылы ол Қазақ спорт және туризм академиясының докторантура мамандығына оқуға түсті, онда үш жыл бойы докторлық диссертацияға дайындықпен жұмыс істеді. Сонымен қатар спорттада жоғары жетістіктерге ие болды. Жазғы және қысқы Президенттік

көпсайыстардан Қазақстан Республикасының Кубогі және Чемпионаттарында жеңімпаз атанып, ҚР спорт шебері нормативін орындады. Күштік гимнастика, шаңғы, жартылай марафон және триотлон спортынан өңірлік ашық жарыстардың бірнеше мәрте жүлдегері атанды. Оның шәкірттері 2019 жылғы ҚР жазғы Универсиадасында жеңіл атлетика және әйелдер күресінен (еркін күрес) командалық жарыста жүлделі 3 орынды иеленді.

А.Б.Габдуллин осы жұмысты орындау барысында ғылыми әдістерді ойдағыдай меңгерді және қойылған мақсатқа жетті.

Айбек Бокенбайұлы өзін еңбекқор және белсенді докторант ретінде көрсетті.

А.Б.Габдуллиннің диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 11 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 5-еуі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымында, 4 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

А.Б.Габдуллиннің «1-2 курс студент қыздарының антропометриялық сипаттамалары мен қозғалыс сапасын есепке ала отырып денені жетілдіру технологиясы» тақырыбындағы ғылыми зерттеуінің теориялық және практикалық маңыздылығы философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің барлық талаптарына сәйкес келетіндігін негізге ала отырып, оның авторы 6D010800 – дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор, ҚРЕСЖ

